



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Боралдайдағы Қандысайды
көбіміз білеміз. Тіпті онда
бір күнде атылған 19 халық
комиссарының жерленгенін де
естіп жүрміз. Бірақ ол жерде
кімдер жатыр? Жазықсыз окқа
ұшқандардың бәрі бірдей халық
комиссары ма?

БІР КҮНДЕ АТЫЛҒАН 19 КОМИССАР

ЖӘНЕ ҰЗАҚБАЙ ҚҰЛЫМБЕТОВ

ЛЕНТА ҚИМАЙТЫН ӘКІМ немесе үлкеннің батасынан артық еш нәрсе жоқ



«Мен жаңа нысандардың ашылу салтанатына барғанда лента қимаймын. Елдегі ақсақалдарға, үлкендерге қиғызып, олардың батасын алғанды жөн санаймын. Себебі бұл – елдің қуанышы. Мен үшін үлкеннің батасынан артық ешнәрсе жоқ», – деді облыс әкімі Н.Нәлібеков.

Осы аптада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Астанада Орталық коммуникациялар қызметінде брифинг берді. Соңғы кезде Сыр өңірінде ауқымды жобалар жүзеге асып жатқаны жұртшылыққа белгілі. Сыр өңірінде қандай жобалар жүзеге асуда? Аймақ басшысы БАҚ өкілдеріне облыстағы қандай игі істерді атап айтты? Бұл көп көкейіндегі сұрақ десек артық айтқандық емес. Аймақ басшысының Астана төрінде нендей жетістіктерді атап айтқанын саралап көрейік...

2 БЕТТЕ



Жазықсыз атылған 19 комиссар

XX ғасырдағы сталиндік зұлматтың зардабын сөзбен айтып тауысу мүмкін емес. Өңгіме ауаны елдің тірегі болар азаматтардың қанқұйлы тағдырына келгенде жүрек сыздап қоя береді. Бүгін зұлматты жылдардың құрбаны болып, бір күнде атылған 19 комиссар жайлы сөз қозғамақпыз. Нақтысын айтсақ, сол 19-дың бірі Ұзақбай Құлымбетов жайында қалам тербегенді жөн санадық.

Ұзақбай Құлымбетов хақында айтпас бұрын Қандысайға жерленген 19 комиссарға аз-кем тоқталайық. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Хангелді Әбжановтың еңбектерінде бұл кісілер жайлы мәлімет бар. 1938 жылдың наурыз айында НКВД тұтқындан, бір түнде атып, Боралдайдағы сайға көмілген 19 боздақтың қатарында Қазақ КСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Ұзақбай Құлымбетов, ағарту комиссары Темірбек Жүргенов, әділет комиссары Жанайдар Сәдуақасов, Қазақ КСР Халық Комиссарлары Советі төрағасының бірінші орынбасары, бюро мүшесі Сүлеймен Ескараев, қаржы комиссары Лияс Молдажанов, денсаулық сақтау комиссары Хасен Нұрмұхамедов, жеңіл өнеркәсіп комиссары Хасен Қошанбаев, Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Әбілқайыр Досов, Орал облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Сәдықбек Сапарбеков, Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Әйтке Мусин, Семей ет комбинатының директоры Аспандияр Кенжин, Қазақ

КСР совхоздар халық комиссариаты саяси басқармасының бастығы Ізмұхан Құрамысов, Қарағанды көмір өнеркәсібі тресті бастығының бірінші орынбасары Жағыпар Сұлтанбеков, Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы Владимир Случак, Қазақ КСР жер-су шаруашылығы халық комиссарының бірінші орынбасары М.А.Чудочкин, Түркісіб темір жол құрылысының бастығы Я.И.Михайленко, Балқашқұрылыс комбинатының директоры В.И.Иванов, Қоңырат кен байыту комбинатының директоры Б.М.Берлин, жер-су шаруашылығы комиссары, бюро мүшесі, Нығметолла Сырғабеков сынды арыстар бар еді.

Біз өңгіме арқауына айналдырған 19 комиссардың үшеуі Сыр бойының азаматы. Нақтырақ айтсақ, Темірбек Жүргенов, Сүлеймен Ескараев, Сәдықбек Сапарбеков. Мақаланы жазуға себеп болған Ұзақбай Құлымбетов Ақтөбенің азаматы болғанымен Қызылордада еңбек етіп, ел астанасын Алматыға көшіру ісін басқарған.

3 БЕТТЕ

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

ПРОТЕЗ ЖАСАЙТЫН МАМАН АЗ



Неге мүгедектік мәртебесін алу қиын, протезист маманы тапшы?

Мәжілістің жалпы отырысында депутат Тансауле Серіков «Ауыл» партиясы фракциясының атынан Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсеноваға депутаттық сауал жолдап, мүгедектердің қордаланған мәселесін қозғады.

Бүгінгі қоғамда әлеуметтік мәселе, оның ішінде мүгедектердің жанайқай жетерлік. Елімізде протез жасайтын мамандарды оқытатын оқу орнының жоқтығы шынында ойлантарлық жағдай.

3 БЕТТЕ

Пайдаланылмай жатқан, заңсыз берілген жерлерді мемлекетке қайтару мәселесінің күн тәртібінде тұрғаны белгілі. Бұл мәселе бойынша арнайы комиссия құрылып, жұмыс істеп жатқанынан да хабардармыз. Осы уақытқа дейін қанша жер қайтарылды?

МЕМЛЕКЕТКЕ 9,5 МЛН ГЕКТАР ЖЕР ҚАЙТАРЫЛДЫ

Премьер-Министр баспасөз қызметінің ақпаратында Үкімет басшысының орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен пайдаланылмай жатқан және заңсыз берілген жерлерді қайтару жөніндегі комиссияның отырысы өткені баяндалған. Осы жылы пайдаланылмай жатқан, заңсыз берілген жерлерді мемлекетке қайтару мәселесі бойынша атқарылған жұмыстың алдын ала қорытындысы мәлім етілді.

– Мемлекет басшысы 2023 жылдың соңына дейін жалпы ауданы 10 млн гектарды құрайтын заң бұзушылықтармен берілген немесе пайдаланылмай жатқан жерлер бойынша нақты шешімдер қабылдау міндетін қойды. Президенттің тапсырмасы орындалуда, оның 9,5 млн гектары мемлекет меншігіне қайтарылды. Сонымен қатар жер пайдаланушылар қосымша 3,2 млн гектарды айналымға енгізуге мәжбүр болды. Қазір барлығы 12,7 млн гектар жер пайдалануда. Алдыңғы қатарлы өңірлер есебінен нәтижеге қол жеткізілді, алайда белгіленген көрсеткіштерден 30%-дан 50%-ға дейін артта қалған аймақтар бар. Біз жұмысты келесі жылы жалғастырамыз, бірақ біз жерді игеруге баса назар аударамыз.

Ол үшін қажетгі критерийлер әзірленетін болады, – деді Серік Жұманғарин.

Деректерге сүйенсек, жер ресурстарын басқару комитетінің аумақтық бөлімшелері мыңнан аса тексеру жүргізген. Сот органдарының қарауында да скі жүзден аса материал бар көрінеді.

– Ауыл шаруашылығы министрлігі жер ресурстарын басқару комитетінің аумақтық бөлімшелері жер пайдаланушыларға қатысты (жалпы алаңы 2,1 млн га) жоспардан тыс 1174 тексеру жүргізді. Нәтижесінде жер заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы 1,45 млн га алаңға 852 ұйғарым шығарылды, – делінген Премьер-Министр баспасөз қызметінің ақпаратында.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді беру мәселесінде әкімдіктердің заңсыз шешімдері де бар екен. 2022 жылдың басынан бері 566 заңсыз шешім анықталған. Оның ішінде 153 шешімнің күші жойылса, қалған 413 шешімнің күшін жою бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

А.АҚЫЛБЕК


ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДАН ҮЗДІК ӨНІР

Облыста негізгі капиталға салынған инвестиция 2021 жылмен салыстырғанда 52 пайызға өсіп, 472 млрд теңгені құрады. Оның 74 пайызы – жеке инвестициялар.

– Мемлекет басшысының патриотизм мен әлеуметтік жауапкершіліктің үлгісін көрсету бастамасын, «Туған жерді бірге гүлдетейік» үндеуін кәсіпкерлер қолдады. Демеушілер есебінен 37,5 млрд теңге қаржы тартылды. 3,3 млрд теңгеге 630 жобаға жоба-сметалық құжаттама әзірленді, – деді аймақ басшысы. Атап айтқанда, облыс орталығында Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы салынуда. Жобаның жалпы құны – 20 млрд теңге, оның 15,7 млрд теңгесі Болат Отемұратов қорынан. Жергілікті бюджеттен 4,3 млрд теңге инфрақұрылымды дамытуға және абаттандыруға қарастырылған. Нысан 2024 жылдың мамыр айына іске қосылады.

Мұнан бөлек «Қазақстан темір жолы» компаниясымен бірлесіп Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалы қайта жаңғыртылды. Жоба құны – 577 млн теңге. Сондай-ақ Қызылорда қаласында құрылысы басталған заманауи үлгідегі Оқушылар сарайы келесі жылы пайдалануға берілетін. «Саутс Ойл» компаниясы музыкалық колледж ғимаратын салады. Жобаға 4,8 млрд теңге жұмсалды. Биыл Қызылорда қаласындағы 1,7 млрд теңгеге салынған «Анаға тағзым» орталығы пайдалануға берілді. Демеушілер есебінен қаланың орталық алаңын қайта жаңғырту жұмыстары басталды, оған 1 млрд теңге қаражат бөлінді. Одан бөлек облыс орталығындағы 30-дан астам ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панельдермен қапталып, 20 көпқабатты тұрғын үйдің ауалары абаттандырылды.

Аудандарда да көптеген игі істер қолға алынып, жаңа нысандар пайдалануға берілді. Мысалы, Жаңақорған ауданында 790 млн теңгенің заманауи демалыс саябағы, Сырдария ауданы Нағи Илиясов ауылында 450 млн



Зауыттың негізгі қуаттылығы – 197 мың тонна. Кәсіпорын іске қосылғалы бері жобалық қуаттылықтың 85 пайызын игеріп, 167 мың тонна өнім шығарды.

– Шыны зауытының айналасында шағын және орта кәсіпкерлік белдеуін құруға мүмкіндік мол. Зауыт жанынан құны 130 млрд теңгелен асатын түрлі шыны бұйымдарын шығаратын 8 ілесіп кәсіпорын құрылады, – деді өңір басшысы.

Атап айтқанда, жылына 5 млн шаршы метр энергия үнемдейтін шыны өндірісі іске қосылып, шыны бөтелкелер және алғашқы айна зауытының құрылысы басталмақ. Бұл 3 жобаның жалпы құны – 32,3 млрд теңге.

Сондай-ақ Шиели ауданында 1 млрд теңгенің әк және құрғақ құрылыс қоспаларын шығару цехы іске қосылады.

Жаңа бөлек, аймақта алдағы жылы 27,1 млрд теңгенің 10 жобасы жүзеге асып, 630 жұмыс орны құрылады.

саласындағы ынтымақтастық келісіміне қол қойылды, – деді облыс әкімі.

Алдағы уақытта өнімділігі жоғары, өсу мерзімі қысқа күріштің жаңа сорттарын өндіріске енгізу көзделуде. Ғалымдар бірнеше жаңа сортты сынақтан өткізуде. Нәтижесінде пилоттық жобалағы сорттар 10 центнерден жоғары өнім беріп, 10-15 күн ерте пісі. Келесі жылы да оң көрсеткіш сақталса, 2025 жылдан бастап жаңа сорттар қолданысқа енгізіледі.

Егіс алқабын әртарапандыру алдағы уақытта да жалғасын таппақ. 2025 жылға қарай күріш алқабы 89 мың гектардан 80 мың гектарға дейін қысқартылады. Оның орнына суды аз қажет ететін дақылдардың егіс көлемі 8,7 мың гектарға ұлғайтылады. Атап айтқанда, майлы дақылдар алқабы 13 пайызға, мал азықтық дақылдар алқабы 8 пайызға, картоп, көкөніс, бақша дақылдары алқабы 0,5 пайызға, басқа дәнді дақылдар егісі 21 пайызға артады.

теңге бағытталды. «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша биыл 47 ауылда 216 жобаны жүзеге асыруға 12,4 млрд теңге бөлінді, 157 жоба іске қосылды. «Ауыл аманаты» жобасына қаралған 3 млрд теңге ауыл шаруашылығы саласындағы жобаларға бағытталуда, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Мұнан бөлек «Дипломмен ауылға» бағдарламасының 2,5 млрд теңге қаржысына жас мамандарға әлеуметтік қолдау көрсетілуде.

Бұл орайда ауыл тұрғындарына серпін берген басты жаңалық – ауылдық елді мекендерді дамыту үшін облыста алғаш рет «Үлгілі елді мекен» конкурсы өтуі. Байқауға облыстық бюджеттен 1 млрд теңге бөлінді. Жеңімпаз 12 елді мекенге күнделікті тұрмысқа қажетті заманауи үлгідегі 29 арнайы техника берілді.

ЫСТЫҚ СУ ДА БОЛАДЫ

Халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартудағы маңызды факторлар – сапалы инфрақұрылым, баспамен қамту. Алдағы уақытта Қызылорда тұрғындарының өзекті мәселесінің бірі – ыстық сумен қамтамасыз ету қолға алынбақ.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы қазан айындағы сапарында өңірдің өзекті мәселелеріне қатысты тарихи шешімдер қабылдады. Көпшілікті толғандырған «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің



Пайдалануға берілгеннен кейін 124 рейс бойынша 55 автобус бағыты ашылады.

ЖАЙЛЫ МЕКТЕП АТЫНА ЗАТЫ САЙ БОЛАДЫ

Астана қаласындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев білім саласындағы жұмыстарды да атап өтті.

– Облыс бюджетінің 61 пайызы әлеуметтік салаға бағытталған. Соның ішінде білім саласына 278 млрд теңге бөлінді. Салада ауқымды жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Биыл облыста 4 жаңа мектеп пайдалануға берілуде. Президент тапсырмасына сәйкес «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 21 мектеп салынады. Жоба құны – 98 млрд теңге. Қазір 10 мектептің құрылысы жүргізілуде, қалған 11-і келесі жылы басталады. 2025 жылы толық тапсырылады, – деді ол.

Айта кетейік, Қызылорда қаласында «Білімді қолдау қоры» есебінен физика-математика бағытындағы 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық мектеп-интернат құрылысы басталды.

Мұнан бөлек 4 мектеп жанынан 1850 орынға арналған қосымша ғимараттар салынып, пайдалануға берілді.

– Қосымша ғимараттар біріншіден, балалардың қатынауына жақын, ыңғайлы. Екіншіден,

бюджет қаражаты үнемделді. Бір мектеп салғанға орта есеппен 3 млрд теңге кетеді. Ал қосымша құрылысқа кеткен шығын шамамен 700 млн теңге, – деді облыс әкімі.

ЖАҢА НЫСАНДАР – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

Өңірде жаңа медициналық нысандар көптеп салынуда. Мәселен, Қызылорда қаласында 36,4 млрд теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы басталды. Медицина ұйымдарын сапалы қанмен қамтамасыз ету мақсатында 2,9 млрд теңгеге қан орталығының құрылысы жүргізілуде.

– «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 25 санитарлық пункт ашылады. Оның 15-і жыл аяғына дейін тапсырылады. Сонымен қатар жыл соңына дейін көпбейінді облыстық аурухана жанынан 70 төсектік перинаталдық орталық халық игілігіне беріледі. Саланың материалдық-техникалық базасын жаңартуға 5,1 млрд теңге бөлінді. Былтырғымен салыстырғанда қаржыландыру көлемі 3 есе көп. Өткен жылы 45 жедел жәрдем көлігі тапсырылды, биыл 25 санитарлық көлік алынуда. Былтырдан бері «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен әріптестік байланыстамыз. Қор соңғы екі жылда аймақ медицинасы мен білім саласына 4 млрд теңгеге жуық қаржы бағыттады. Бұл қаржыға облыстық балалар ауруханасы орталығы ашылып, 1,1 млрд теңге тұратын онкологиялық скрининг жүргізуге арналған екі жылжымалы медициналық кешен, өзге де құрал-жабдықтар мен дәрі-дәрмек алынды. Алдағы жылға да жоспарларымыз бар, – деді облыс әкімі.

ЖАҢА НЫСАНДАР – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

Өңірде жаңа медициналық нысандар көптеп салынуда. Мәселен, Қызылорда қаласында 36,4 млрд теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы басталды. Медицина ұйымдарын сапалы қанмен қамтамасыз ету мақсатында 2,9 млрд теңгеге қан орталығының құрылысы жүргізілуде.

– «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 25 санитарлық пункт ашылады. Оның 15-і жыл аяғына дейін тапсырылады. Сонымен қатар жыл соңына дейін көпбейінді облыстық аурухана жанынан 70 төсектік перинаталдық орталық халық игілігіне беріледі. Саланың материалдық-техникалық базасын жаңартуға 5,1 млрд теңге бөлінді. Былтырғымен салыстырғанда қаржыландыру көлемі 3 есе көп. Өткен жылы 45 жедел жәрдем көлігі тапсырылды, биыл 25 санитарлық көлік алынуда. Былтырдан бері «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен әріптестік байланыстамыз. Қор соңғы екі жылда аймақ медицинасы мен білім саласына 4 млрд теңгеге жуық қаржы бағыттады. Бұл қаржыға облыстық балалар ауруханасы орталығы ашылып, 1,1 млрд теңге тұратын онкологиялық скрининг жүргізуге арналған екі жылжымалы медициналық кешен, өзге де құрал-жабдықтар мен дәрі-дәрмек алынды. Алдағы жылға да жоспарларымыз бар, – деді облыс әкімі.

РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҒЫ САЛЫНАДЫ

Жақында Сыр өңірінің мәдени брендіне айналатын «Шірік-Рабат сак жүйесі» мен «Сығанақ ханшайымының» алтындатқан мүсіндері облыстық музейге тапсырылуы аймақ мәдениеті үшін жаңалық болғаны рас.

Өңірде мәдениет пен спорт саласында да ауқымды жобалар жүзеге асуда. Атап айтқанда, 7 мың орынға арналған орталық стадион, сондай-ақ жабық бассейнді бар көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынады.

– Аудандарда 2,6 млрд теңгеге 11 дене шынықтыру кешені салынып, 1,5 млрд теңгеге салынған «Отбасы орталығы» өз қызметіне кірісссе, 3,7 млрд теңгенің «Өнер орталығы» жыл соңына дейін пайдалануға берілді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Келесі жылы 7 ауданда музей, кітапхана, архив, неке кино залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтары, азаматтық қоғам өкілдері мен тарихи-мәдени, рухани ұйымдарды біріктіретін типтік үлгідегі «Руханият» орталығы салынатыны айтылды.

P.S. Жыл аяқталар тұста облыстың тыныс-тіршілігіндегі жетістікті де, мәселені де жасырмаған аймақ басшысы БАҚ өкілдерінің алдында облыс әкімі ретінде ұстанымды да байқатты. Яғни Нұрлыбек Машбекұлы бюджеттің әр тиын үлкен жауапкершілік екенін, оны «жетігерт өлшеп» барып жұмсау кергін айтты. Сонымен қатар туған жердің әрбір азаматы үшін адал жұмыс істеуі бірінші орында тұруы тиіс. Әсіресе елде кәсіпін дөңгелеткен кәсіпкерлер үшін адалдық маңызды. Әйтпесе, мемлекет қаржысын қалайда алып қалуға, қағаз жүзінде ғана жұмыс істегесі келетіндер де жоқ емес екен. Үнемдеу мен адалдықты ұстаным екен аймақ басшысының бұл ісі елге қызмет еткен барлық шенеуніктің ұстанымына айналуға тиіс.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

ЛЕНТА ҚИММАЙТЫН ӘКІМ немесе үлкеннің батасынан артық еш нәрсе жоқ

тенгенің «Еңбекшілер саябағы» бой көтерді. Арал ауданының Тоқабай ауылында апаттық жағдайдағы мектептің орнына 500 млн теңгеге жаңа мектеп салынуда. Нысан 2023-2024 оқу жылының соңына дейін пайдалануға беріледі. Қармақшы ауданының Жаңақорған ауылындағы орталық алаң «Жаңақорған» ЖШС демеушілігімен абаттандырылып, халық игілігіне табысталды. Ал Жалағаш ауданының Таң ауылында спорт кешені, «Тағзым алаңы» құрылыстарымен қатар, жарықтандыру, абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ Қызылорда қаласының Түркістан облысымен шекарасында құны 230 млн теңге болатын облыстың кіреберіс қапсасы ашылды. Мұның барлығы өңірде инвестиция тарту жұмыстарының нәтижесі екені белгілі.

100 ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ

Ел Президентінің 10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орнын құру тапсырмасы 11 айда толық орындалды.

– Халықты жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу – басты міндетіміз. Жыл басынан бері экономиканың барлық саласында 44695 адам жұмыспен қамтылды. Мемлекет басшысының 10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орнын құру тапсырмасы шеңберінде биыл облыста жоспар бойынша 10651 жұмыс орнын құру көзделсе, қазір 11654 адам жұмыспен қамтылды, яғни Президент тапсырмасы 11 айда толық орындалды, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Айта кетейік, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,5 пайыз, жалпы жұмыссыздық 4,8 пайыз. Өткен жылмен салыстырғанда жұмыссыздық көрсеткіші төмендеді. Былтыр облыста жалпы жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайыз, ал жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі – 4 пайыз.

«КӨГІЛДІР ОТЫН» ЕЛГЕ ЖЕТТІ

Қызылорда облысының барлық аудан орталығы мен 4 қала, 19 елді мекен табиғи газға көшірілді.

– Облысымыздағы барлық аудан орталығы мен 4 қала (Арал, Қызылорда, Байқоңыр, Қазалы), 19 елді мекеніміз табиғи газдың игілігін пайдалануда. Биыл 12 ауылдық елді мекенімізге газ кіргізілуде. Осылайша өңірмізде тұрғындарды газбен қамту көрсеткіші 75 пайызға жетеді, – деді аймақ басшысы.

Келер жылға жоспарланған 4 млрд теңгеге 12 елді мекен «көгілдір отынмен» қамтамасыз етіледі. 2024 жылдың соңында газдандыру деңгейі 78 пайызға жетеді.

Сондай-ақ облыс халқының 98,1% орталықтандырылған ауысумен қамтылған. Келер жылы 4 млрд теңгеге ауқымды 4 жоба жүзеге асырылады. Нәтижесінде 2025 жылы облыста орталықтандырылған ауысумен қамту мәселесі түбегейлі шешіледі.

ШЫНЫ ЗАУЫТЫ ШАҒЫН КӘСІПТІ ДАМУДА

Сыр өңірінде өткен жылы іске қосылған шыны зауыты тұрақты өнім шығарып, оның 70 пайызын ішкі нарыққа, 30 пайызын Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстанға экспорттауда.

Басы 1-бетте

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӘРТАРАПТАНДЫРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

– Ауыл шаруашылығы – өңір экономикасының негізгі саласы. Бұл салаға тартылған инвестиция көлемі өткен жылмен салыстырғанда 9,4 млрд теңгені құрап, 36,6 пайызға артты. Аймақтың табиғи-климаттық және топырақ ерекшеліктеріне сай ауыл шаруашылығы саласы толығымен суармалы егіншілікке, оның ішінде күріш егінсіне бейімделген. Егін науқанының қорытындысымен әр гектардан 56,5 центнерден өнім алынып, қамбаға 503 мың тонна күріш жиналды. Су ташылығына қарамастан, күріш өнімділігі бойынша өткен жылғы деңгейді сақтап қалдық, – деп баяндады аймақ басшысы.

Облыстың ауыл шаруашылығы саласының экспорттық әлеуеті артып, өткізу нарығы кеңеюде. Соңғы екі жылда 84 млн АҚШ долларының өнімдері экспортталды. Экспортталған өнімнің 96 пайызы – өңделген өнім.

Сондай-ақ суды үнемдеп пайдалану үшін тамшылатып, жабырлатып суару әдістерінің қолдану аясын кеңейтуге басымдық берілуде.

– Осы жылы су үнемдеу технологиясымен 872 гектарға дақылдар егілді. Бұл тенденцияны жыл сайын 1000 гектарға арттырамыз. Мемлекет басшысы бнылығы Жолдауында: «Аграрлық дамуға және ең бастысы, оны ауыл шаруашылығында іс жүзінде қолдану үшін шаралар қабылдау қажет, – деген болатын. Аймақта күріштің, өзге де дақылдардың жаңа сорттарын шығарып, өнім сапасын арттыру үшін Ыбырай Жақаев атындағы казак күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының қызметіне басымдық берудеміз. Жақында Ауыл шаруашылығы ғылым Академиясымен агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми және инновациялық дамыту

СУ ТАПШЫЛЫҒЫ СЕЗІЛЕДІ

Аграрлық аймақ саналатын Қызылорда облысы үшін суармалы су мәселесі қашан да өзекті. Сондықтан су ресурстарын тиімді басқару әдістері кенінен қолданылуда.

– Су ташылығы аймақ халқын алаңдатуда. Оны Президентке де жеткізіп, баяндадым. Су ресурстары және ирригация министрлігімен бірге «Қызылорда облысындағы суармалы жүйелерді қалпына келтірудің жол картасын» әзірледік. Ол бойынша тасқын суды жинақтау, суармалы суды бөлу мен есепке алу процесстерін автоматтандыру арқылы ирригациялық инфрақұрылымды қайта құру, жаңғырту шаралары атқарылуда. Суды бөлу мен есепке алу үшін заманауи жүйелерін енгізу үшін халықаралық компанияларды тарттық, – деді аймақ басшысы.

Еске салсақ, соңғы 12 жылда Солтүстік Арал теңізінің суы 6,8 млрд текше метрге азайып кетті. Тұтас өңірдің тағдырына байланысты мәселе Парламентте, Үкіметте үнемі көтерілуде. Өткен жылдан бері 4,6 млрд теңгеге «Көкарал бөгетін сақтап қалу» жобасы іске асырылуда. 2024 жылы зақымданған бөгет қалпына келтіріліп, Қарашалан көлі арқылы теңізге 2 арна және Тұщы көлі арқылы бір арна қазылады. Нәтижесінде теңізде су айналымы қалыптасып, тұздылығы төмендейді.

АУЫЛ ХАЛҚЫНА СЕРПІН БЕРГЕН БАЙҚАУ

Қызылорда облысында Президенттің «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасына» сәйкес жан-жақты жұмыс жүргізілуде. Осы мақсатқа 18 млрд теңге бөлінді. – Елді мекендердің инженерлік инфрақұрылымын жаңғыртуға, әлеуметтік нысандар салу мен жөндеу, мамандарды әлеуметтік қолдауға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға 18 млрд

Ақтөбе қаласына дейінгі аумағын төрт жолақты жолға айналдыру және Қызылорда қаласына ыстық су қосу мәселесі алдағы үш жыл ішінде шешіледі, – деді облыс әкімі.

ЖЫЛУ-ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫ САЛЫНУДА

Мемлекет басшысының еліміздегі жылу-электр орталықтарының жұмысын жандандыру тапсырмасына сәйкес Сыр елінде ірі жоба жүзеге асуда. Жақында Қызылорда қаласында жаңа жылу-электр орталығының іргетасы қаланды.

– Тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынатын ең ауқымды, теңдессіз жоба – жылу-электр орталығының құрылысы біздің аймақта басталды. Құны 215 млрд теңге болатын орталық 2025 жылы ел игілігіне беріледі. Бұл электр энергиясын сырттан сатып алудан арлытуға, өндірілген электр энергиясының бір бөлігін аймақтан тыс жерлерге сатуға мүмкіндік береді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Аймақта жылу беру маусымы тұрақты өтуде, 1067 әлеуметтік нысан мен 855 көпқабатты тұрғын үй жылу жүйесіне толық қосылған.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚЫЗМЕТІ ЖАҚСАРДЫ

Қызылорда қаласында қоғамдық көлік қызметі жақсарып келеді. Жаңа автобустар халық қажеттілігіне сай қызмет етуде.

– Облыс орталығындағы жолаушылар тасымалдау қызметін жақсарту мақсатында өткен жылы 150 жаңа автобус алынды. Биыл қосымша 50 автобус әкелінді. Қалған 100 автобус келесі жылдың басында табысталады, – деді ол.

Бұл – жақын арада аймақтың бас шаһарындағы қоғамдық көлік мәселесі түбегейлі шешіледі деген сөз. Бүгінде облыс орталығында 975 млн теңгеге заманауи үлгідегі автовокзал салынуда.

ӘКІМГЕ АЛТЫ САУАЛ

ҚЫЗЫЛЖАРМА:
Су мәселесі
шешімін тапмақ

«Әкімге алты сауал»
айдарының бүгінгі қонағы –
Қызылжарма ауылдық округінің
әкімі Шәріп ӘБДІРАХМАНОВ.



– «Ел іші – өнер кеніші»
деп бекер айтылмаған. Мәдени
шарадан қалыс қалмайтын
боларсыздар...

– Дұрыс айтасыз. Ел іші
берекелі ғой. Өнерпаз жандар
жерлік. «Бұлақ көрсен, көзін аш»
деген бар ғой. Мәдениет үйіндегі
15 қызметкер түрлі үйірмелерге
жетекшілік етеді. «Әнел» үйірмесі
ән айтуға баулыса, «Балкаймақ»
домбыра үйіретеді. Ал «Балдәурен»
хор айтуға бейімдейді. «Нұр-Ару»
мен «Тұмар» бұлдіріндерді
биге үйретсе, «Шабыт» көркемөз
оқуға дайындап, балалардың
шығармашылығын дамытып,
өнерін шыңдауда. Сонымен қатар
«Қуаныш» әжелер ансамблі мен
«Қожабекөвтер» халықтық
отбасылық ансамблі көрермен
қауымын сазды әуенімен баурап,
ел ықыласына бөленуде.



Жеткен жетістіктер де бар. Қалалық мәдениет және тілдерді
дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен А.Токмағамбетов атындағы
қалалық мәдениет үйінде өткізілген «Ұлағатты әже» өнер
фестивалінде «Қуаныш» әжелер ансамблі бас жүлде иемденсе,
балалар шығармашылығына арналған XXV облыстық «Бозторғай»
байқауында «Балкаймақ» домбыра үйірмесінің қатысушысы Амандос
Қалдыбай дипломант атанды.

Алматыда өткен VII республикалық «Жарық жұлдыз» атты өнер
байқауында «Балкаймақ» домбыра үйірмесінің мүшесі Қалдыбай
Амандос I орын иеленіп, халықаралық байқауға жолдама алды.
Алматыда өткен республикалық YIII балалар мен жасөспірімдер
өнер байқауында «Қожабекөвтер» халықтық отбасылық ансамблінің
мүшелері Айтжанбек Әдемі бас жүлде алса, Айтжанбек Нұрикамал
дипломант атанды.

Сонымен қатар Грузияның Батуми қаласында өткен «Мен де
жұлдыз боламын» байқауында «Балкаймақ» домбыра үйірмесінің
мүшесі Қалдыбай Амандос бас жүлде алып, ел мерейін асырды.



– Мемлекеттік бағдарлама қалай жүзеге асуда?

– Биыл «Жұмыспен қамту» 2021-2025 жылдарға арналған
жол картасының «Іскер» бағдарламасы аясында 10 жоба
қаржыландырылып, жергілікті кәсіпкерлер игілігін көрде.

Сонымен қатар «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы»
микроқаржы ЖШС арқылы 1 жоба қаржыландырылса, аграрлық
несие корпорациясы арқылы 2,5 пайызбен 6 жоба жүзеге асты.

«2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі
ұлттық жоба» бағдарламасы арқылы 26 жоба гранттық қолдауға ие
болса, биылғы жылдың қазан айында 8 жобаға қолдау көрсетілді.

– Ауылшілік жолдар жөнделді ме?

– Қызылжарма ауылдық округі бойынша 122 көше бар. Биыл
облыстық бюджеттен «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 20
көше жөнделді. Ауылдық округтің шет аймағындағы 35 көшеге тас
төселуде. Қалған көшелер жыл аяғына дейін жөнделіп, пайдалануға
беріледі. Бұған қоса қалалық тұрғын үй шаруашылығы, жолаушылар
көлігі және автомобиль жолдары бөлімі арқылы Әл-Фараби көшесінен
Қарауылтөбеге баратын 1,6 шақырым жолға асфальт төселді. Бұдан
бөлек «Өңірлерді дамыту» бағдарламасымен Абай тұйығына тас
төселді.

– Жолаушылар көлігінің жайы қалай?

– Қызылжарма ауылдық округіне түрлі бағытта №14,1, 21, 20,
15, 27 қоғамдық көліктері тұрақты түрде қатынап, ауыл тұрғындарын
тасымалдауда. Аталған бағыттағы қоғамдық көлік күнделікті тұрақты
кестемен жүреді.

– Ауылда құдық бұзушылық тіркелді ме?

– Жыл басынан бері Қызылжарма ауылдық округі бойынша
150 әкімшілік құдық бұзушылық тіркелді. Олардың басым бөлігі
абаттандыруға зала келтірген болса, бірқатары көшеде масаң күйде
жүру, түнгі тыныштықты бұзу, қоғамдық орында тәртіп бұзуды
ұсталғандар.

– Қызылжармадағы басты проблеманы атаңыз...

– Ауылдық округтегі Қызылжарма – 1 және Қызылжарма – 2
жана тұрғын ауданына талапқа сай ауызсу беріп, газ құбырын тарту
мәселесі бар. Қалалық құрылыс бөліміне ұсыныс беріліп, жоба-
сметалық құжат әзірленуде.

Екінші мәселе – ауылдық округте ауызсу ұнғамасын (скважин)
салу.

Қазір 4 су ұнғамасы бар. Дегенмен округтің аумағы мен халық
саны өсіп, жаз мезгілінде ауызсу тапшылығы болды. Мәселені
шешу мақсатында қалалық құрылыс бөлімі 3 су ұнғамасын салуға
мемлекеттік сатып алу конкурсы жариялады. Мердігер мекеме
анықталса, су мәселесі шешімін тапмақ.

Сұхбатты жүргізген Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА
Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Премьер-министр орынбасарының
айтуынша, елімізде бір өңірде ғана емес,
барлық аймақта кәсіби түрде протез жа-
сайтын протезист маман жоқ. Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің
апаратына дерек бойынша елімізде 715
мыңнан аса мүгедектігі бар адам тіркелген.
2023 жылдың 1 желтоқсандағы мәліметке
сүйенсек, біздің аймақта 32800 мүгедек
тіркелген. Оның бірінші топтағысы –
3893, екінші топтағысы – 10440, үшінші
топтағысы – 12170, 18 жасқа дейінгісі –
6297. Ал Қызылорда қаласы бойынша
11252 мүгедек тіркелсе, бірінші топтағы-
сы – 1301, екінші топтағысы – 3348, үшінші
топтағысы – 3351, мүгедектігі бар балалар
саны – 3252-ді құрайды.

Біздің облыста қанша мүмкіндігі
шектеулі жандардың осындай мәселесі
болуы мүмкін. Қаладағы медициналық
колледж директорының орынбасары
Бақыт Егізбайқызының айтуынша, бұл

Ал біздің өңірде мүгедек жандарға
қандай әлеуметтік қызмет көрсетілетінін,
олар техникалық оңалту құралымен
қамтылған ба деген сауалды Қызылорда
облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру
және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы
басшысының орынбасары Айгүл Ибраеваға
жолдаған едік. Сала маманы бұл жұмыс
бойынша мәселе жоқ екенін алға тартты.

– 2021 жылдан бастап мемлекеттік
сатып алу процесі қолданылмай мүге-
дектігі бар адамдарға берілетін барлық
техникалық оңалту құралы мен әлеуметтік
қызметтері мүгедектігі бар адамның өзі
электронды цифрлық қолтаңбамен тікелей
дербес таңдау құқығымен портал арқылы
қамтамасыз етіліп келеді. 2023 жылдың 1
желтоқсанына әлеуметтік қызметтер пор-
талы арқылы 30184 мүгедектің 28420-ы
оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес
техникалық оңалту құралымен қамтылды.
Оның 5151-і протездік-ортопедиялық
көмек алды. Аталған қызметтің бірі

ПРОТЕЗ ЖАСАЙТЫН
МАМАН АЗ

оқу орнында протезист мамандығы
даярланбайды екен. Осы орайда әңгімеге
мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелен
отырған қызылордалық ананың пікірін
сұрадық. Бақыт Маратқызы: «Протезді
бұрын тек аяқты ұстап тұру үшін Алматыда
жасатқанбыз. Қазір тек ортопедиялық аяқ
киім істеміз. Негізі бізде жасалмаған соң
бағасы арзан емес. Сатып алу қымбатқа
түседі. Сол себепті біз қаржының жартысын
төлейміз де, облыстық жұмыспен қамтуды
үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар
басқармасы жарты ақшасын көтереді.
Олар қыстық, жаздық болып бөлінеді.
Қызым қазір 23 жаста. Ол туғаннан
мүгедек. Арзандап жатса жақсы болар
еді. Себебі мұндай аяқ киімге мұқтаж
адам көп. Мемлекеттің протездеу талабы
қайта қаралса бұл тығырықтан шығуға
болады. Шетелден тапсырыс беруге кез
келген адамның мүмкіндігі жоқ. Ал елде
жасалатын протезге балалардың үйренуі
қиын. Протездің бағасы да қымбат әрі
мүмкіндігіне қарай құны да өзгеріп
отырады», – дейді ол.

Парламент депутатының пікіріне
сүйенсек, аяқтың, қолдың, көздің, мұрын-
ның, құлақтың протезін жасайтын
мамандар өте тапшы. Ең алдымен протезист
мамандар медицина саласына қажет. Неге?
Мысалы, хирург ем алушының бір аяғын
кесуден басқа амалдың жоқ екенін айтады.
Жанұянда протезист болуы керек. Қазақстан
бойынша протез жасайтын маман өте аз
болып шықты. Бізде оқытпайтындықтан
көріші Ресей мемлекетіне барып айлық
құрыс оқып, соның денгейінде протез
жасап жүр. Ең қызығы, протез жасайтын
маманды ешбір оқу орны оқытпайды.
Шетелден протез сатып алу өте қымбат.
Балалардың протезін екі айда бір рет
тексеруден өткізу керек. Себебі баланың
денесі жылдам өседі. Осы мамандық
бойынша Ресейдің Санкт-Петербург қала-
сында екі оқу орны кадр даярлайды.
Шет мемлекеттерде протезистке деген
зәрулік жоқ болып шықты. Өзге елдерде
хирургтер ота жасар алдында протезист
маманды кенеседі екен. Беларусь еліндегі
ұлттық технологиялық университетінде,
Витебск технологиялық университетінде
«Биотехникалық, медициналық аппарат
және жүйе» бойынша оқытылады екен.

Халық қалаулысы дамыған елдердегідей
бірінесе оқу орнында оқытпаса да тым
болмағанда еліміздегі колледждерде
«Протезді-ортопедиялық және оңалту
техникасы» бөлімін бірінесе оқытуға
медициналық оқу орындарында оңалтуға
мүмкіндік беріле дегенді алға тартты.

бюджет қаржысымен өтелді, – деді ба-
қарма басшысының орынбасары.

Алайда мүгедектік мәселесінің қазір
қиын тұстары бар екеніне көзіміз жетті.
Қолынан немесе аяғынан, көзінен айы-
рылған науқастар тұртінектеп жыл сайын
құжат жинап, сабылуды дұрыс па? Ту-
ғаннан мүгедек балаларға өмірлік мүге-
дектік санатына өту неге қиын? Бұл –
әлеуметтік статуска қатысты түйткіл.
Біз айналамыздағы көптеген адамнан
мүгедектік топты анықтауда қиыншылық
барын естіп жүрміз. Қоғамда осы мәселе
қызу талқыға түсуде. Мүгедектер үшінші
топтан бірінші, екінші топқа өте алмайды.
Ол топтар емдеуші дәрігердің және
медициналық сараптама комиссиясының
қорытындысымен анықталады. Мысалы,
Жалағаш ауданының тұрғыны Оразкул
Оспанованың ұлы туғаннан мүгедек. Ол
былтыр мектеп бітірді. Әлі өмірлік мүгедек
санатына өте алмай жүр. Өзі медицина
қызметкері. Бұл бір ғана мысал.

Біз Қызылорда қалалық жұмыспен
қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағ-
дарламалар бөлімінің басшысы Кенже
Құрақбаеваның пікірін білдік.

– Жалпы мүгедектікті тағайын-
дауды медициналық-әлеуметтік сарап-
тама (МӨС) негізінде Еңбек, әлеу-
меттік қорғау комитетінің аумақтық
бөлімшелері жүзеге асырады. МӨС
бөлімдерінің мамандары адамды қарау
және оның организм функцияларының
бұзылу дәрежесін, еңбек ету қабілетін
бағалау және ұсынылған құжат негізінде
алкалы түрде сараптамалық қорытынды
шығарып мүгедектік санатын анықтайды.
Адамның өзіне-өзі қызмет көрсету, жүріп-
түру, еңбек ету, оқу қабілеті, айналасын
бағдарлай білу, қарым-қатынас жасау,
мінез-құлқын бақылау қабілетіне қарай
бірінші, екінші немесе үшінші топтағы
мүгедектік дәрежесі белгіленеді, – деді ол.

Мүгедектік статусын тағайындау
әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің
құзырында емес. Аумақтық емдеу
орындарынан мүгедектік санатын
ала алмай жүрген дерттілерді көріп,
олардың жанайқайын естіп жүру
оңай емес. Көбінде мұқтаж жандар өз
мәселесін бұқаралық ақпарат құралы
өкілдерімен бөліседі. Маңызды мәсе-
лені көтеріп, құзырлы орындарға жет-
кізу журналистердің міндеті. Сон-
дықтан Парламент қабырғасында халық
қалаулылары көтеріп жатқан осы мәсе-
леге құзырлы орындар құлақ түрсе
дейміз.

БІР КҮНДЕ АТЫЛҒАН
19 КОМИССАР
ЖӘНЕ ҰЗАҚБАЙ ҚҰЛЫМБЕТОВАвтономиялы
республиканы
одақтық республикаға
айналдырды

Астананы бірден Алматыға көшіру
оңай болмаған. Бұған бақандай екі
жыл кеткен. Тарихи мәліметтерге
жүгінсек, Қызылордадан астананы
Алматыға көшіру комиссиясының
төрағасы болған Ұзақбай Желдір-
байұлы Құлымбетов 1927 жылдың 3
наурызында комиссия мүшелерінің
отырысын өткізген. Сол жындыда
Алматы шекарасын батысқа 11000
десятинаға ұлғайту, үкімет үйлерін,
қонақ үй, тұрғын үй, кірпіш, нан,
ағаш өңдеу зауытын, гидростанция
құрылысын, жерасты кабельді желі-
лерін салуды тапсырды. Тіпті Таш-
кенттегі педагогикалық институтты
көшіру туралы мәселе де көтерілді.
Нәтижесінде аталған оқу орны 1928
жылы Алматыға көшірілді.

Тағы бір атап өтерлігі, Құлымбетов
Қазақ АКСР ОА Комитетінің төра-
ғасы кезінде Қазақ автономиялы
республикасы Одақтық республика
мәртебесін алды. Сол тұста Қазақ
КСР-ның жаңа конституциясын
бекітіліп, елтанбасы туралы қаулы
шыққан. Еліміздің еңбек сіңірген
қайраткері Орынша Қарабалина-
Қазыбаеваның «Егемен Қазақстан»
газетіне жарияланған «Халқына қамқор
болған Құлымбетов» атты мақалада
Ұзақбай Желдірбайұлының «ҚарЛАГ»,
«АЛЖИР» лагеріне жер бермей,
олардың сұраған жерін қолқоздыра
беріп жіберу керектігін айтып, Қара-
ғанды басшыларына хат жазғанын,
бірақ тоталитарлық жүйеде оның
орындалмағаны баяндалады.

Орталықтан
алғанымыздан
бергеніміз көп

Бұл – мемлекет және қоғам
қайраткері, белгілі саяси тұлға
Ұзақбай Құлымбетовтің сөзі. Ол кісі
Қазақстанның экономикасын көтеру
мақсатында индустриалды елге ай-
налдыруды көздейді. «Еңбекші қазақ»
газетінің 1927 жылғы 1 мамырдағы
№ 92 санына Ұ.Желдірбайұлының
мақаласы шығады. Онда: «Дұрысында
біздің Орталықтан алғанымыздан
бергеніміз көп, шындап келгенде біз
Орталықтан алмауға да, оған бермеуге
де тұрамыз. Оған Орталық тұра алар
ма екен? Тұра алмайтын болса, бізге
қаржы беріңіз», – деп өткір сөйлеп,
елдік мәселелерді көтереді.

Алшқ дереккөздерде 1925 жылы
қаңтарда өткен РКП(б)-ның пленумы
Риддер, Қарсақбай кен орынын дамыту
үшін 23 миллион қаржы бөленгі
туралы ақпарат бар. Сол тұстағы
бюджет жағдайын білетіндер бұл түсті
металлургия өнеркәсібіне бөлінген
Одақтық қаржының жартысы екенін
айтады. Бұдан бөлек Мәскеудегілерге
Жігітқара, Аққарға, Бозбие алтын
кенішін Қазақстанға қайтару ту-
ралы талап қойылып, нәтижесінде
қайтарылған. Сонымен қатар Ақтөбеде
фосфор тыңайтқыштарын өндіретін
химия комбинаты, Балқаш мыс
балқыту, Шымкент қорғасын өндіру
зауыттарының құрылысы қарқын алған.
Қазақстандағы пайдалы қазбалардың
жаңа көздері анықталып, олардың қоры
бойынша Кеңес одағында республика
бірінші орынға шықты. Осылайша
республиканың экономикалық базасы
құрылды.

Қазаққа болсын деген
жан еді...

Ұзақбай Құлымбетов елдің ауыл
шаруашылығына да ерекше ден
қойған. 1931 жылдың 22 қазанында
КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің
төрағасы В.М.Молотовқа хат жазып,
шөптің аздығынан мал басы кемі-
генін, тіпті астықтың шықпай қал-
ғанын айтып, елдің жағдайы ауыр
екенін бұқпесіз баяндаған. Бұл хатта
салықты және сақтау төлемінің
мөлшерін азайтуды, мал басының 53
пайызға кемігенін, шаруашылық 12
пайызға, тұрғындардың 15 пайызға

Басы 1-бетте

азайғандығын нақты дәлелдермен
көрсеткен. Құлымбетов мәселені
көтеріп қана қоймай, шешілгенше
ізінде жүріп еңбектенетін болған.
Оған 1932 жылы Молотовқа екінші
қайтара жазған хаты дәлел. Бұл хатта
Қазақстандағы мал басын көбейтуді,
батыс Қытайдан мал сатып алу үшін
Зайсан, Қарқарада сауда жәрменкелерін
ашып, біздің аумақта мал бағушыларды
тартуға болатынын назарға салады.
Тіпті Мәскеудегі Тұрар Рысқұловтың
қолдауымен 1936 жылы Моңғолиядан
8000 бас асыл тұқымды түйе алдырған
деген де дерек бар.

Орынша Қарабалина-Қазыбаева-
ның «Егемен Қазақстан» газетіне
жарияланған «Халқына қамқор болған
Құлымбетов» атты мақалада: «1934
жылдары алты облыста екі жылдық
педагогикалық институттар аштырды.
РКФСР халкомсовы жанындағы
Түркіб құрылысына жәрдемдесу
комитетінің басшысы Т.Рысқұловпен
бірлесе отырып Түркіб теміржолын
салушы құрылысшылардың дені Қазақ
еңбекшілері болуын ұйымдастырып,
Түркіб құрылысын ұлттық жұмыс
кадрларын әзірлеу және тәрбиелеу
мектебіне айналдырды. Өндіріс
орындарында қазақ жұмысшыларына
үй жалдап, жалақысының уақытында
берілуін, азық-түлігін қамтамасыз етіп,
жұмысты жақсы менгерген жастарды
іріктеп, елу-алпысын кезең-кезеңімен
Ресейдің өндірістеріне жіберіп оқытып,
келген соң өндірісті өздері басқарсын
деген», – деп, Ұ.Құлымбетовтің тарихи
қаламдарын атап өтеді.

Наурызда өмірге келіп,
наурызда өмірден өткен

Сонау 1891 жылдың 18 наурызында
Біргыз уезіндегі Аманкөл болысында
өмірге келген Ұзақбай Желдірбайұлы
қиын-қыстау кезеңде сан-қылы тағ-
дырды бастан өткерді. Алдымен үш
жылдық ауыл мектебін, одан кейін
Біргыздағы орыс-қазақ училищесін,
Ақтөбедегі екі жылдық педагогтік
курсты бітірген. 1912 жылдан Торғай,
Біргыз ауылдарында орыс тілі, әдебиеті,
математикадан дәріс берген. Ұзақбай
Құлымбетов 1918 жылдан бастап
саяси өмірге араласып, Біргыз ауданын
басқарған. Ақтөбе губерниясының
бөлім меңгерушісі, 1923-1925 жыл-
дары Ақмола губерниясының
Атқару комитетінің төрағасы болды.
Ол кезде бұл губернияға қазіргі
Ақмола, Павлодар, Шығыс Қазақстан
облыстары қарайтын. Осы жылдары
Ақмолада жұмыссыз кедей жастары
үшін арнаулы губерниялық құрстар
ұйымдастырылды. Сонымен қатар
панасыз балаларды есепке алу,
жұмысқа, оқуға орналастыру қолға
алынды. Нәтижесінде бірнеше балалар
коммунасы ұйымдастырылды. Ол жана
кен орындарын ашу, зауыт-фабрика
салу ісіне де қатысқан. Өмір жолына
үнілсек 1926 жылы Қазақ АКСР Халық
шаруашылығы кеңесінің, Жоспарлау
Комитетінің төрағасы болды. Халық
Комиссарлары Атқару Комитетінің
орынбасары, сыртқы-ішкі сауда халық
комиссары қызметін қоса атқарған.
1930-1934 жылдары ҚАКСР Халық
Комиссарлары кеңесі төрағасының
бірінші орынбасары, 1935 жылдан
Қазақ АКСР ОА Комитетінің төрағасы
болды. 1924 жылдан Бүкіл Одақтық
Атқару Комитетінің мүшесі де болған.
Бір байқағанымыз, Құлымбетов қай
қызметте жүрсе де ұлтының мүддесін
айтқан, ұлты үшін қызмет істеген.
Ұзақбай Желдірбайұлы наурыз айында
өмірге келіп, сол айда өмірден өткен.
Отбасы да сталиндік zulматтын талай
сойқанын көрген.

Тарихшылар Ұзақбай Құлымбетов-
тің қайраткерлігін жоғары бағалайды.
Талас Омарбеков «Ұзақбай Құлым-
бетовті Т.Рүсқұлов, О.Жандосов,
Н.Нұрмақов сияқты қайраткерлердің
қатарына қосу керек» десе, М.Қой-
гелдиев «Откен ғасырдың 20-30
жылдары Қазақстанның жер байлығын
жасырын бөліксе салғысы келген
Орталықтың өктемдігіне қарсы тұрған
қайраткердің бірі – Құлымбетов»,
дейді. Осының өзі мақаламызға арқау
болған тұлғаның қазақ қоғамы үшін
қайраткер екенін айғақтайды.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

